

Атырау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 23 қаңтардағы № 10а және Атырау облыстық мәслихатының 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 11-V "Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерді қоспағанда, жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы" қаулысы мен шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 365 қаулысы мен Атырау облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 429-V бірлескен шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 желтоқсанда № 3415 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 10-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6, 27, 37-баптарына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және V шақырылған Атырау облыстық мәслихаты кезекті XXXVII сессиясында **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Атырау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 23 қаңтардағы № 10а және Атырау облыстық мәслихатының 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 11-V "Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерді қоспағанда, жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы" қаулысы мен шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 2609 болып тіркелген, 2012 жылы 28 ақпанда "Атырау" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулы мен шешімнің қосымшасы осы қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

Осы қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары **Ғ.И. Дүйсембаевқа** және Атырау облыстық мәслихатының заңдылықты сақтау, депутаттық этика және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы **Т.Б. Мұқатановқа** жүктелсін.

Осы қаулы мен шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Ә. Жұбанов
Мәслихат хатшысы

Облыс әкімінің
міндетін атқарушы Ғ. Дүйсембаев
С. Лұқпанов

**Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерді қоспағанда, жер
учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық
ставкалары**

№	Елді мекендер	1 шаршы метр үшін теңгемен төлемақының базалық ставкасы
1	Атырау қаласы	2240
2	Ганюшкин ауылы	375
3	Аққыстау ауылы	333
4	Махамбет ауылы	394
5	Алмалы ауылы	685
6	Бейбарыс ауылы	340
7	Береке ауылы	774
8	Сарайшық ауылы	357
9	Индербор кенті	507
10	Мақат кенті	408
11	Доссор кенті	511
12	Құлсары қаласы	1467
13	Жаңа Қаратон кенті	432
14	Қосшағыл ауылы	286
15	Тұрғызба ауылы	279
16	Миялы ауылы	228
17	Сағыз ауылы	232
18	Қалған кенттер	Облыс орталығы ставкаларының 18 пайызы
19	Қалған ауылдық елді мекендер	Облыс орталығы ставкаларының 10 пайызы